ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 2 шілде № 5165-24-00-2/1509 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Д.А.Бейсембекова,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Шардара орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «ИП DD-Mir» атынан әрекет етуші Куралай Мелдебековна Есенова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2. Тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Шардара орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер дара кәсіпкер «ИП DD-Mir» атынан әрекет етуші Куралай Мелдебековна Есенова мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер дара кәсіпкер «ИП DD-Mir» атынан әрекет етуші Куралай Мелдебековна Есеновадан мемлекет пайдасына 83 280 (сексен үш мың екі жүз сексен) теңге тұрақсыздық айыппұл, 4 345 (төрт мың үш жүз қырық бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Бейсембекова Д.А., 02.07.2024
Заңды күшіне енген күні: 09.08.2024, сулья Бейсембекова Д.А., 09.08.2024
5165-24-3-1/1500
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ "ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ ТАБИҒАТ ПАЙДАЛАНУДЫ РЕТТЕУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ШАРДАРА ОРМАН ЖӘНЕ ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
КІРІС № 325
«12» 08 2024 ж

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына осы сот арқылы апелляциялық шағым беруі, прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Д.А.Бейсембекова**

Құжатқа қол қойылған: Бейсембекова Д. А., 02.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 09.08.2024 Судья Бейсембекова Д. А. 09.08.2024